Бөлім:	Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық	
Педагогтің аты-жөні:	Отар Әл Фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	03.09.2026 (8L)	
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Заңды білу және сақтау қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз етуге қалай көмектеседі?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	Күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін заңдарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.	
Сабақтың мақсаты	Заңның қауіпсіздік кепілі ретіндегі маңызын түсіндіреді; мектепте, көшеде және интернетте қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қолданады; қауіпті жағдаяттарды талдап, заңға сүйенген дұрыс шешім ұсынады; құқық бұзудың ықтимал салдарын бағалайды.	
Құндылықтар	Заңға құрмет, жауапкершілік, өзгенің құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеу, қауіпсіздік.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру 3 минут	Оқушылармен амандасады, сабаққа дайындығын тексереді. Тақырыпқа шығу үшін сұрақтар қояды: • Заң не үшін қажет? • Қауіпсіз мінез-құлық дегенді қалай түсінесің? • Мектепте, көшеде және интернетте заңды сақтау неге маңызды? Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатын таныстырады.	Сұрақтарға жауап береді, өз ойын айтады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды.	**ҚБ: ауызша мадақтау, нақтылау сұрақтары.**	Оқу материалы, 1-бет
Жаңа білім 6 минут	2 бет оқу материалы бойынша негізгі мазмұнды түсіндіреді: • заң – тек тыйым емес, қауіпсіздік кепілі; • Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз етеді; • әркімнің өз құқықтарын қорғауға, өмірі мен жеке қауіпсіздігіне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, жеке өмірі мен дербес деректеріне құқығы бар; • өз құқықтарын жүзеге асыру басқа адамның құқықтары мен қадір-қасиетін бұзбауы тиіс; • сөз бостандығы жауапкершілікпен бірге жүреді;	Жаңа ақпаратты тыңдайды. Заңның қауіпсіздікке қалай көмектесетінін атайды және өмірлік мысалмен түсіндіреді.	**ҚБ: сұрақ-жауап.** **Дескриптор:** 1. Заңның қауіпсіздік кепілі екенін түсіндіреді. 2. Кемінде 3 құқық/қауіпсіздік ережесін атайды. 3. Кемінде 2 салалық заңды атайды.	Оқу материалы, 1-2-бет

	• қауіпсіздікті «Білім туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Жол жүрісі туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңдар, ӘҚБтК және Қылмыстық кодекс те қорғайды. Мектептегі, көшедегі және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық мысалдарын материалдағы ережелермен байланыстырады.			
Тапсырма №1 5 минут	Жеке жұмыс. Жұмыс парағындағы «Заңдарды таңда, маңызын түсіндір» тапсырмасын орындатады. • 6 заңды олардың күнделікті өмірдегі маңызымен сәйкестендіру; • әр заңның маңызын өз сөзімен қысқаша түсіндіру.	«Білім туралы» Заң, «Баланың құқықтары туралы» Заң, «Жол жүрісі туралы» Заң, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заң, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс және Қылмыстық кодексті маңызымен сәйкестендіреді; түсіндірме жазады.	**Дескриптор:** 1. 6 заңды дұрыс сәйкестендіреді. 2. Заңдардың күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіреді.	Жұмыс парағы, 1-тапсырма; оқу материалы, 2-бет
Тапсырма №2 7 минут	Жұптық жұмыс. «Жағдаяттарды талдап, дұрыс шешім ұсыныңыз» тапсырмасын береді. • мектеп дәлізінде баланы қорлап, телефонын тартып алмақ болған жағдай; • досы қызыл бағдаршам жанып тұрса да жолдан өтуді ұсынған жағдай. Әр жағдаятқа құқықтық тұрғыдан дұрыс әрекет алгоритмін, сүйенетін заң(дар)ды және қысқа түсіндірмені жазуды сұрайды.	Екі жағдаятты талдайды. Қауіпті әрекетті анықтап, дұрыс әрекет алгоритмін құрады, сүйенетін заңды атайды және шешімін түсіндіреді.	**Дескриптор:** 1. Екі жағдаяттағы қауіпті әрекетті анықтайды. 2. Дұрыс әрекет алгоритмін ұсынады. 3. Тиісті заңды атайды. 4. Шешімін негіздейді.	Жұмыс парағы, 2-тапсырма; оқу материалы, 2-бет
Тапсырма №3 6 минут	Жеке жұмыс. Интернеттегі қауіпті жағдаятты талдатады: • әлеуметтік желіде таныс емес адам «сен өте ұтысқа ие	Қауіпті әрекетті анықтайды, ықтимал салдарын	**Дескриптор:** 1. Қауіпті әрекетті анықтайды.	Жұмыс парағы, 3-тапсырма; оқу

	болдың, сілтемеге кіріп, деректеріңді енгіз, сонда сыйлықты аласың» деген хабарлама жібереді; «Қауіпті әрекет – ықтимал салдары – дұрыс шешім» кестесін толтыруды, сүйенетін заң(дар)ды және бұл заңдардың неге маңызды екенін жазуды сұрайды.	жазады және қауіпсіз шешім ұсынады. Дербес деректерді қорғау мен жауапты ақпарат тарату ережелерін қолданады.	2. Кемінде 2 ықтимал салдарды көрсетеді. 3. Қауіпсіз шешім ұсынады. 4. Тиісті заңды/ережені атайды.	материалы, 1-2-бет
Тапсырма №4 6 минут	Жеке жұмыс. «Заңды бұзу салдарын бағала» тапсырмасын орындатады. Оқушылар 5 әрекеттің ықтимал салдар түрін анықтайды: • мектеп қабырғасына жазу жазу; • досының фотосын рұқсатсыз желіге жариялау; • жолда бағдаршамды елемей өту; • біреуді мазақ етіп, қорлау; • бөгде адамның телефонын ұрлау. Салдар түрін таңдауды және қысқа түсіндірме беруді сұрайды. 16 жасқа дейін де құқық бұзушылық салдарсыз қалмайтынын оқу материалындағы түсіндірмемен байланыстырады.	Әр әрекетке ықтимал салдар түрін таңдайды, шешімін түсіндіреді. Қорытынды сұраққа жауап береді.	**Дескриптор:** 1. 5 әрекеттің ықтимал салдарын бағалайды. 2. Кемінде 3 таңдауын түсіндіреді. 3. 16 жасқа дейін де салдар болуы мүмкін екенін түсіндіреді.	Жұмыс парағы, 4-тапсырма; оқу материалы, 2-бет
Тапсырма №5 5 минут	Жеке жұмыс. «5 сұрақ – қауіпсіз шешім алгоритмі» тапсырмасын орындатады. Әрекет жасамас бұрын өзіне қоятын бес сұрақты өз сөзімен жазуды сұрайды: • Бұл әрекет заңға сай ма? • Бұл маған немесе басқа адамға қауіп төндірмей ме? • Басқа адамның құқығы мен қадір-қасиетін бұзбаймын ба? • Бұл әрекеттің ертең қандай салдары болуы мүмкін? • Күмәндансам, кімнен көмек сұрай аламын? Алгоритмді бір өмірлік мысалға қолдануды сұрайды.	Қауіпсіз шешім қабылдаудың 5 сұрағын өз сөзімен құрастырады және бір жағдаятқа қолданады.	**Дескриптор:** 1. 5 сұрақтың мазмұнын дұрыс береді. 2. Алгоритмді нақты жағдаятқа қолданады. 3. Қауіпсіз шешімді негіздейді.	Жұмыс парағы, 5-тапсырма; оқу материалы, 2-бет
Тапсырма №6 5 минут	Шағын топтық/жеке жұмыс. Мини-жоба тапсырмасын	Тақырыптың бірін таңдайды. Мини-жобаның	**Дескриптор:** 1. Тақырыпқа сай жоспар құрады.	Жұмыс парағы, 6-тапсырма;

	береді. Екі тақырыптың бірін таңдатады: • «Менің құқығым. Менің қауіпсіздігім.» • «Алаяқтардан сақ болыңыз!» Қысқа жоспар құрып, заңдарды, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және өмірлік мысалды пайдалануды сұрайды.	негізгі бөлімдерін жоспарлайды, заңдарды және қауіпсіздік ережелерін қолданады.	2. Кемінде 2 заң/ереже қолданады. 3. Қауіпсіз мінез-құлыққа нақты ұсыныс береді.	оқу материалы
Бекіту **2 минут**	Сабақты қорытындылау үшін қысқа сұрақтар қояды: • Заңды сақтау неліктен қауіпсіздіктің кепілі? • Құқық + міндет + жауапкершілік неліктен бірге жүреді? • Күмәнді немесе қауіпті жағдайда кімнен көмек сұрауға болады? Қорытынды тұжырымды бекітеді: заң адамға «не істеуге болмайды?» дегенге ғана емес, «қауіпсіз әрі жауапты түрде қалай әрекет ету керек?» деген сұраққа да жауап береді.	Сұрақтарға жауап береді, сабақтың негізгі ойын тұжырымдайды.	**ҚБ: мұғалімнің қорытынды бағалауы.**	Оқу материалы, 1-2-бет; жұмыс парағы